

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы

Слямов М.Б.


Мұнай-газ кәсіпорында сапа жүйесі элементтерін талдау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B073200 - Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)
мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә.Бүркітбаев атындағы өнеркәсіптік инженерия институты
Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Мұнай-газ кәсіпорында сапа жүйесі элементтерін талдау»

5B073200 - Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)
мамандығы бойынша

Орындаған

Слямов М.Б.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. магистры

техн. ғыл. магистры, тьютор

О.А. джасинбеков

А.Е. Марзимова

« 10 » 05 2019ж.

« 08 » 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы

5В073200 - Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.

 А.Т.Альпеисов

« 06 » 11 2018ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Слямов Мұхаметали Болатұлы

Тақырыбы Мұнай-газ кәсіпорында сапа жүйесі элементтерін талдау

Университет ректорының «06» қарашаның 2018ж. № 1252-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі «15» мамыр 2019ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері «ҚазМұнайГаз» АҚ туралы жалпы мәліметтер, диплом жұмыс алдындағы практиканың мәліметтері

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Кәсіпорын туралы жалпы мағұлмат;

б) Басшылықтың интеграцияланған жүйесі бойынша басқармасы;

в) Сәйкес емес өнімдердің сапасын бақылау және басқару;

г) Сапа басқаруды ұйымдастыру;

д) Экономика;

ж) Қауіпсіздік және еңбек қорғау.

Сызба материалдар тізімі Сызба материалдар 15-слайдта көрсетілген


Ұсынылған негізгі әдебиеттер 19 атаудан тұрады


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ


Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшімен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескертулер
Кәсіпорын туралы жалпы мағлұмат	14.02.19ж. – 25.02.19ж.	орындалды
Басшылықтың интеграцияланған жүйесі бойынша басқармасы	26.02.19ж. – 14.03.19ж.	орындалды
Сәйкес емес өнімдердің сапасын бақылау және басқару	15.03.19ж. – 25.03.19ж.	орындалды
Сапаны басқаруды ұйымдастыру	26.03.19ж. – 05.04.19ж.	орындалды

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған

ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Б.Т.Муртазина, техника ғылымдарының магистры, ассистент		08.05.19ж.

Ғылыми жетекшісі _____  А.Е.Марзимова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____  М.Б.Слямов

Күні

«11» ақпан» 2019ж.

АНДАТПА

Ұсынылып отырған дипломдық жұмыста «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы Атырау облысындағы мұнай-газ өнеркәсіптік мекемесіндегі сапаны бақылауға талдау жасалған.

Дипломдық жұмыста мұнай-газ кешенін дамыту мәселелерінен басқа, өндірістік, әлеуметтік және экологиялық бағыттағы ілеспе объектілерді жақсарту мүмкіндіктері жүйеленіп, сапа саласындағы саясат, сәйкес емес өнімдердің сапасын бақылау және басқару қарастырылады.

Сонымен бірге сапа менеджмент жүйесі талданып, сапаны басқару ұйымдастырылған.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе анализированы контроль качества в условиях нефтегазовой промышленности в Атырауской области АО «ЭмбаМунайГаз».

В дипломной работе кроме вопросов комплексной развитие нефти-газа продемонстрируется производственный, социальный и экологический возможность системы направления совершенствия объектов, политика в области качества, контроль качества несоответствующей продукции и его управления.

В то же время делается анализ системы менеджмент качества и управления контроля качества.

ANNOTATION

In this research paper analyzing the quality control in the oil and gas industry in Atyrau region «EmbaOilGas» JSC.

In the research paper in addition to issues of complex development of oil and gas it provides the production, social and environmental opportunity to improve the referral system objects, quality control of nonconforming product and its management.

At the same time, it made an analysis of the quality management system and quality control management.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Кәсіпорын туралы жалпы мағлұмат	8
1.1 «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Қазақстанда даму тарихы	8
1.2 «Ембімұнайгаз» АҚ және "Жылыоймұнайгаз" ҚБ	9
1.3 «Ембімұнайгаз» АҚ-ның экологиялық жағдайы	10
1.4 Кәсіпорының ұйымдық құрылымы	11
1.5 Стратегиялық және корпоративтік дамуы	12
1.6 «Ембімұнайгаз» АҚ-да атқарылатын қызметтер	15
2 Басшылықтың интеграцияланған жүйесі бойынша басқармасы	21
2.1 Жылыоймұнайгаз МГӨБ-дағы интеграцияланған басқару жүйесі	21
2.2 Интеграцияланған басқарма жүйесінің басшылығы	23
2.3 Басшылықтың міндеттемесі мен жауапкершілігі	24
2.4 Қорларды басқару	29
2.5 Сапа саласындағы саясат	30
2.6 Өлшеу, талдау және жақсарту	32
3 Сәйкес емес өнімдердің сапасын бақылау және басқару	36
3.1 Өнімдердің сапасын бақылауды ұйымдастыруды басқару	36
3.2 Сәйкес емес өнімдердің сапасын бақылау	37
3.3 Міндетті процедуралардың құрылымы	38
3.4 СМЖ құжаттарымен басқару	39
3.5 Ішкі аудиттерді жүргізу процедуралары	39
3.6 Сәйкес емес өніммен басқару	41
3.7 Алдын алушы және түзетуші іс - әрекеттерімен басқару	41
3.8 СМЖ бойынша жүргізілетін іс - шаралар	43
3.9 Сапа бойынша жазбалар тізімі және оларды толтыру реті	44
Қорытынды	45
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	46
Қосымша	47

КІРІСПЕ

Мұнай-газ саласы елдің және оның жекелеген өңірлерінің дамуына маңызды әлеуметтік-экономикалық әсерін тигізеді, шын мәнінде мемлекеттің бүкіл экономикасы үшін алға тартушы күш болып табылады, экономиканың басқа да салаларының дамуына ықпал етеді. Мұнай-газ кешені кәсіпорындарының жұмысы өңірлер мен бүкіл мемлекет ауқымындағы неғұрлым маңызды әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуымен байланысты. Жақын болашақта елдің мұнай-газ секторы серпінді дамитын болады, бұл өндірістік, әлеуметтік және экологиялық бағыттағы объектілер құрылысын қамтитын салаларды кешенді дамытудың ел үшін бірыңғай жоспарларын әзірлеу жолымен барлық мүдделі тараптардың қызметін үйлестіруді талап етеді.

ҚазМұнайГаз ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 талаптарына сәйкес сапа саласындағы, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы (бұдан әрі – ИБЖ) халықаралық корпоративтік басқару талаптарына және озық менеджмент технологияларына сәйкес болатындай басқаруды ұйымдастыруға ұмтылады.

Қазақстан Республикасы үшін ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан максималды табыс алуды қамтамасыз ету:

- компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру, рентабельділікті жоғарылату, өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті, интеграцияландырылған мұнай-газ компаниясы ретінде орнығу;
- бизнесті әлеуметтік-жауапты жүргізу, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің отандық жеткізушілерін қолдау, жергілікті кадрларды дамыту.

ҚазМұнайГаз – сұйық көмірсутектер (мұнай мен конденсат) қорлары және мұнай өндіру көлемдері бойынша әлемнің отыз ірі мұнай-газ компанияларының құрамына кіретін, өндірістік қызмет қауіпсіздігінің жоғары стандарттарына сәйкес келетін, жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті интеграцияландырылған мұнай-газ компаниясы.

Аталған мақсаттарға жету корпоративтік басқару саласындағы қабылданатын басқарушылық шешімдердің сапасын жоғарылату, активтерді, оның ішінде ЕТҰ-ны сатып алу және қайта құру, заңнамалық талаптармен қарастырылған, сондай-ақ өз еркімен қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындау арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Дипломдық жұмыста іске асыру қорытындылары бойынша саланың жұмыс істеу тиімділігін арттыру арқылы көмірсутек шикізатын өндіру және

өңдеу деңгейін өсіруден, мұнай мен газ ресурстарын тиімді пайдаланудан, халықаралық транзит көлемдерін өсіруден әлеуметтік-экономикалық әсерді ұлғайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің толық энергетикалық тәуелсіздігіне, ішкі нарықты мұнай өнімдері мен газға қажеттіліктерін үздіксіз және толық қамтамасыз етуге қол жеткізу көзделеді.

1 Кәсіпорын туралы жалпы мағлұмат

1.1 «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Қазақстанда даму тарихы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (ҚМГ) – Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүдделерін білдіретін, көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығы негізінде «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясын және «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру жолымен құрылған. ҚМГ акцияларының 90 пайызы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі. ҚМГ акцияларының 10 пайызы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне тиесілі.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы көмірсутегілерді барлау мен өндіру, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін толық өндірістік циклді жүзеге асыратын вертикальді интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табылады.

ҚМГ өз алдына ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысуынан Қазақстан Республикасы үшін барынша көп пайда алу мақсатын қояды.

ҚМГ компанияларының тобына 220 компания кіреді. «ҚазМұнайГаз» Қазақстандағы мұнай және газ конденсатын өндіру нарығының төрттен бір бөлігін алады, сондай-ақ ел ішінде мұнай өңдеуде, мұнай мен табиғи газды құбырмен тасымалдауда басым орын алады.

Бүгінгі күнде «ҚазМұнайГаз» тобының ең ірі компаниялары мыналар:

- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (мұнай мен газды барлау және өндіру); «ҚазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау);
- «ҚазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және өткізу);
- «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары);
- «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ (ішкі және халықаралық нарықтарда мұнай және мұнай өнімдерін сату);
- KMG International N.V. (Румынияда және Қара теңіз бес Жерорта теңіз бассейндерінің елдерінде мұнай өңдеу, мұнай және мұнай өнімдерінің

маркетингі). Қазақстан әлемдегі дәлелденген мұнай мен газ конденсатының қорлары бойынша 12-ші, табиғи газ қорлары бойынша – 22-ші және мұнай мен газ өндіру бойынша – 17-ші орынды алады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстанда жалпы мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің 28%, табиғи және ілеспе газ өндіру көлемінің – 16% өндіреді, магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдаудың 65%, Ақтау портынан мұнайды танкерлермен тасымалдаудың 77%, сондай-ақ магистральдық газ құбырларымен табиғи газды тасымалдаудың 95% қамтамасыз етеді, қазақстандық мұнайдың 82% қайта өңдейді және мұнай өнімдерінің бөлшек сауда нарығында 17% үлесті алады.

1.2 «Ембімұнайгаз» АҚ және "Жылыоймұнайгаз" ҚБ

18 ғасырдың өзінде Каспий теңізінің шығыс бөлігінде мұнай қоры бар екені анық болды. 1893 жылы Доссор, Қаратон, Мақат және Қарашүңгіл жерлерінде барлау бұрғылау жұмыстары басталды. 1899 жылы Жылыой ауданының аумағындағы Қарашүңгіл жерінде алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Осы күннен бастап қазақ мұнайының тарихы басталды. 1911 жылы Доссор жерінде ірі мұнай қоры табылып, әлемнің назарында Қазақстан мұнайы болды. 1912 жылдың 10-сәуірінде шет елдік инвесторлардың көмегімен «Ембі» мұнай өнеркәсібі және сауда акционерлік қоғамы құрылады. Осы аралықта Лондон биржасы қазақстандық кәсіпшілікте мұнай қазуды ынталандыруға тартылған акцияларды шығара бастайды. Көрші Ресей еліндегі революцияның басталуы, одан кейін азамат соғысы Ембі мұнай өнеркәсібін жұмысын айтарлықтай тоқтатты. Алайда, соғыс салдарына қарамастан 1920 жылы мұнай кен алаңдарын игеру мақсатында бұрынғы шетел компаниясының базасында Орал-Ембі ауданының мұнай кәсіпшілігі басқармасы құрылады. 1922 жылы Доссор мен Мақат кеніштерін игеру үшін «Эмбанефть» бірлестігі құрылады. 1940 жылдың соңында Орал-Ембі мұнай кәсіпшілігі 750 мың тонна өнім берген. ҰОС кезіндегі ембілік мұнайшылардың еңбегі ұшан-теңіз. Соғыс уақытының талабында мұнай өнеркәсіптерінде үзіліссіз жұмыс істеу талап етілді. Соғыстың қиын жылдарында ембі мұнайшылары «Қошқар», «Комсомольск». «Жолдыбай», «Тентексор» кен орындарын пайдалануды жалғастыра берді. 1945 жылы «Ембімұнай» тресті «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігіне өзгертілді. Оның құрамына Қазақ ССР аумағында соғыстан кейінгі уақытта әрекет еткен мұнай саласының барлық кәсіпорындары кірді. 40-жылдардың соңына таман мұнай өндіру көлемі жылына миллиард тоннаға дейін жетті, 1968 жылы Ембіде мұнай өндіру екі миллионға өсті. 1993 жылы мұнай кәсіпшілігі «Ембімұнайгаз» АҚ болып қайта құрылады. 1999 жылы

«Ембімұнайгаз» ААҚ мен «Теңізмұнайгаз» ААҚ қосылып «ҚазақОйл-Ембі» АҚ құрылады. 2002 жылы «ҚазақОйл-Ембі» мекемесінің аты «Ембімұнайгаз» АҚ болып өзгертіледі. 2004 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ бірігіп, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ құрылады. «Ембімұнайгаз» өндірістік филиал болып жұмысын жалғастырады. 2012 жылдың 1-қазанынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ болып атауын өзгертеді. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ құрамында 6 басқарма бар. Олар: «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары мен екі құрылымдық мекеме: «Ембімұнайэнерго», «ӨТКжЖК» басқармалары. Компанияда 5 525 (01.01.2015) еңбек етеді. «Ембімұнайгаз» АҚ кен алаңдарында 41 кеніш болса, оның 33 игерілуде. Компания өзінің қызметін ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізуде.

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметінің негізгі бағыттары:

- Мұнай-газ кен алаңдарын игеру, геологиялық барлау;
- Мұнай -газ өндіру;
- Мұнай- газ дайындау.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-да 1383 адам еңбек етуде. Басқарма бойынша 2- ҰОС ардагері, 55 – тыл ардагері бар. Басқарма құрамында Прорва кен алаңы, Қосшағыл, Терең-Өзек мұнай өндіру цехтары, Прорва және Құлсары мұнай дайындау және айдау цехтары, ұңғымаларға жер асты жөндеу жүргізу цехы, мұнай өндірісі жабдықтарын жөндеу цехы, арнаулы көлік цехы, жылу-газбен қамту цехы, құрылыс-жөндеу учаскесі, «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығы, майланған жер қабатын тазарту қондырғысы, материалдық-техникалық қамту қоймалары бар.

1.3 «Ембімұнайгаз» АҚ-ның экологиялық жағдайы

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы, Атырау облысында ірі табиғат пайдаланушы ретінде, өзінің басқы мақсатымен қатар қоршаған ортаны қорғау, аймақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

ӨЭБ (өндірістік экологиялық бақылау) Бағдарламасына сәйкес төмендегідей мониторинг түрлері жүргізіледі:

- Атмосфералық ауа жағдайы;
- Су асты сулары сапасы;
- Топырақ және өсімдік;
- Радияциялық қауіпсіздік;
- Физикалық факторларды өндірістік бақылау.

2005 жылдан бастап 442 гектар тарихи ластанған жерлер биоремедиация әдісімен тазаланды және 2017 жылға ластанған жерлерді толықтай тазарту

жоспарлануда.


2007-2008-2010 жылдары Терен-Узек и Батыс Прорва кенорындарында 5 км теңіз жағалауы «Рено» матрасымен бекітілді.

Соңғы жылдары қоршаған ортаның ластануын болғызбау бағытында бірінші кезекте жарылу қаупі бар темір құбырларды әйнекталшықты (стекловолокнистый) құбырлармен ауыстыру жұмыстары қолға алынып отыр.

Атырау облысына бірінші болып ауаға шығарылатын ластаушы заттар шығарындыларын азайту технологиясын енгізу қолға алынып, ағымдағы жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-дағы кенорындардағы мұнай жылыту пештеріне ластаушы заттарды ұстайтын фильтрлерді орналастыру жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің мұнай – газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитентімен және Атырау облысы бойынша экология департаментімен жол картасында белгіленген іс-шаралардың орындалу мерзімін нақтылаумен қатар 3 жақты меморандумды дайындау жұмыстары жүргізілуде.


1.4 Кәсіпорының ұйымдық құрылымы



1 Сурет - Қазмұнайгаз ҰК ұйымдық құрылымы



2 Сурет - Басқару органдарының құрылымы және олардың құзіреті



3 Сурет- «Ембімұнайгаз» АҚ орталық ақпаратының құрылымы

1.5 Стратегиялық және корпоративтік дамуы

«Ембімұнайгаз» АҚ 4 халықаралық стандарттар ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 және ISO 50001 бойынша сертификацияланған. Алғашқы үш стандарт 2006 жылы енгізілген болса, энергоменеджмент стандарты Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 13.01.2012 жылғы Заңына сәйкес, 2013 жылдан бастап қолданысқа енгізіле бастады.

Энергоменеджмент – бұл энергия шығынының көлемін барынша оңтайландыруға мүмкіндік беретін, кәсіпорындардағы энергияны тұтына білуді басқару тәсілі. Энергоменеджмент жүйесі – кәсіпорынның энергетикалық саясатын қалыптастыруға, мақсаттар қоя білуге және сол мақсаттарға қол жеткізу үшін шаралар дайындауға бағытталған кәсіпорынның өзара байланысты және өзара әрекет етуші элементтерінің жиынтығы. Энергоменеджментті енгізу шеңберінде Қоғамның энергоменеджмент саласындағы Саясаты жасақталды және бекітілді, Қоғамның барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде (ӨҚБ) энергоаудит жүргізілді. Энергоаудит Чокин атындағы институт мамандарымен өткізілді. Аудит бойынша есеп тапсырылды және энергия үнемдеу бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, осындай енгізулер нәтижесінде, Қоғам қызметкерлеріне энергоменеджмент жөніндегі оқулар өткізіліп, энергияны қажетінше пайдалану көздері анықталды, энергияны тұтыну/пайдалану және энергия тиімділігіне бағытталған заңнамалық және нормативтік талаптардан энергияны пайдалануды азайту шаралары жасақталды және бекітілді. Осы бағытқа қатысты шешілмеген мәселелер әлі де аз емес, алайда шаралар орындала

бастады. Автокөліктерге GPS – навигаторлар қондырылуда, соның нәтижесінде мотор отынының қолданысы азая түсуде (бензин, дизотын), жабдықтар сатып алу кезінде жабдықтардың энергия үнемдеу қабілеттілігі техникалық ерекшеліктерінде көрсетілуі тиіс. Кен орындарында электр энергиясын тұтыну қажеттілігін азайту мақсатында, сораптарға жиілікті-реттегіш жетекті басқару станциялары және т.б. орнатылған. Энергоменеджментті қолдау және жақсарту түсу мақсатында, TUV NORD Украина сертификаттаушы халықаралық органымен 2014 жылдың қараша айында «Ембімұнайгаз» АҚ-нда менеджмент жүйесіне алғашқы бақылау аудиті ISO 50001:2011 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес өткізілді.

Белгілі бір дәрежеде энергоменеджмент жүйесін кәсіпорындарға енгізудегі жетістіктер кәсіпорын басшысының сол мәселеге қатысты түсіністік білдіруімен және онда жұмыс жасайтын барлық қызметкерлерге байланысты болып отыр. Ендеше, осы саланы дамыту бағыты жүзеге асырылуда!

Энергоменеджмент жүйесі - тиімділікке бастар жол. 2013 жылы енгізілген халықаралық ИСО 50001:2011 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» стандартының қызметі шеңберінде, Қазақстан Республикасының «Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу туралы» заңының орындалуы барысында, «Самрук-Қазына» АҚ компаниясы топтарының энергия тиімділігін арттыру бағдарламасына» сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының 18.06.2015ж. №359 бұйрығына сәйкес, 2015 жылдың маусым айының 22-сі мен 24-і аралығында Қоғамда энергоменеджмент жүйесінің екінші бақылау аудиті өткізілді. Аудит ТЮФ НОРД Украина ООО менеджмент жүйесінің сертификациясы жөніндегі органымен өткізілді.

Менеджмент жүйесін сертификациялау «Ембімұнайгаз» АҚ-нда әрекет ететін - мұнай және газ кен орындарын игеру. Мұнай және газ өндіру және сату. ТМҚ қабылдау, сақтау, жөнелту және жеткізу. Техникалық қызмет көрсету. Энергетикалық жабдықтарға күрделі жөндеу, мұнай құбырларын электрлі химқорғау шеңберінде өткізілді.

Аудит барысында стратегиялық және корпоративтік даму департаментімен аудиторларға Қоғам басшылығымен Энергоменеджмент саласындағы анықталған және бекітілген саясат, энергоменеджмент саласында белгіленген тиісті мақсаттар, дайындалған энергетикалық нәтижені арттыру шаралары туралы нақты мәліметтер берілді.

Сонымен қатар, стратегиялық және корпоративтік даму департаменті, мұнай және газ өндіру департаменті мен энергетика департаменттері бірлесіп Энергоменеджмент саласындағы саясатты түсіндіруді қамтамасыз ету, белгіленген саясатқа сәйкес тиімді жұмыс жүргізуге көмек көрсету және ұмтылу, негізгі ортақ мақсаттарды көздейтін компания ісіне өз үлесін қосу бойынша әрбір қызметкермен тұрақты жұмыстар жүргізеді.

Энергия үнемдеу бағдарламасын іске қосу шеңберінде «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндірудің технологиялық режимін оңтайландыру жұмыстарын жүргізуде, ондағы басты мақсат электр энергиясына барынша аз шығын жұмсау критерийлерін жүзеге асыру.

Аудит барысында энергоменеджмент саласын жақсарту потенциалдары анықталды, оны Қоғам басты назарда ұстап отыр. Энергетикалық талдау шеңберінде пайдаланылатын энергоресурстар көлемі бағаланды, оның қатарына электр энергиясын, табиғи және ілеспе газды, ЖЖМ жатқызуға болады.

Аудиторлармен энергияны мол мөлшерде пайдаланумен байланысты қызметтердің барлық аспектілерін қамтитын энергия үнемдеуге бағытталған көптеген шаралардың, атап айтқанда, жабдықтар модернизациясы, жарық беру жүйесі, жылумен қамту жүйесі, ұңғымаларды басқарудың интеллектуалды станциясын енгізу, т.б., Қоғаммен енгізілгені ерекше аталып өтілді.

Компанияның стратегиясы. Даму стратегиясының шеңберінде «Ембімұнайгаз» АҚ мақсаттарына: Компания активтерінің ұзақ мерзімді құнын жоғарылатуға және ұлттық экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға қол жеткізуге деген өзінің ұмтылысын дәлелдейді.

Миссия: Ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан Қазақстан Республикасы үшін барынша жоғары тиімділікті қамтамасыз ету:

- Компания активтерінің ұзақ мерзімді құнын арттыру, рентабельділікті жоғарылату, өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті, интеграцияландырылған мұнай-газ компаниясы ретінде орнығу;
- бизнесті әлеуметтік-жауапкершілік тұрғысынан жүргізу, отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жеткізушілерін қолдау, жергілікті кадрларды дамыту.

Көрініс: «Ембімұнайгаз» АҚ – өндірістік қызметтің жоғарғы қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін жоғары тиімді әрі бәсекеге қабілетті интеграцияландырылған мұнай-газ компаниясы.

Талап: Сұйық көмірсутегілер қорлары (мұнай мен конденсат) және мұнай өндіру көлемдері бойынша әлемнің отыз ірі мұнай-газ компанияларының қатарына кіру.

Компания мынадай стратегиялық бағыттарда орнықты даму мен тиімділікті арттыруға қол жеткізуге тырысады:

- Барлау және өндіру;
- Мұнай тасымалдау;
- Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі;
- Газ тасымалдау және маркетингі
- Сервистік бағыт;
- Басқару жүйесі.

«Ембімұнайгаз» АҚ -ның 2012 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде ұзақмерзімді стратегиясының мақсаты мен міндеттері.

«Ембімұнайгаз» АҚ -ның 2022 жылға қарай әлемнің отыз ірі мұнай-газ

компанияларының қатарына кіруі үшін Компанияның басты бизнес-бағыттары бойынша 15 стратегиялық мақсаттар анықталған:

- Сұйық көмірсутегілердің (мұнай мен газ конденсатының) дәлелденген алынатын қорларының көлемдерін ұлғайту;
- Мұнай мен газ өндіру көлемдерін ұлғайту;
- Тұрақты мұнай тасымалдауды қамтамасыз ету;
- Мұнай өңдеу көлемдерін ұлғайту;
- Қазақстандық МӨЗ-де өңдеу тереңдігін арттыру;
- Қазақстанның бөлшек сауда нарығында мұнай өнімдерін сату көлемін ұлғайту;
- Газ тасымалдау көлемдерін ұлғайту;
- Ішкі нарықта газды сату көлемдерін ұлғайту;
- Компанияның салынған капитал табыстылығын (ROACE) арттыру;
- Салықтарды, амортизация шығындарын және несиелер бойынша пайыздарды төлеуге дейінгі пайданы (EBITDA margin) арттыру;
- Қарыз / EBITDA коэффициентін төмендету;
- Корпоративтік басқару рейтингін жоғарылату;
- Еңбек өнімділігін жоғарылату;
- Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесін арттыру;
- Инновациялық-технологиялық даму рейтингін жоғарылату.

1.6 «Ембімұнайгаз» АҚ-да атқарылатын қызметтер

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметі туралы ақпарат. «Ембімұнайгаз» АҚ - Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің тұңғышы болып табылады. АҚ-«ЕМГ» төрт мұнай-газ өндіретін департаменттер (МГӨБ) мұнай өндіреді және 36 кенорнын игереді. 2014 жылға жоспарланған мұнай өндіру 2 820.0 мың тоннаны құрады.

Операциялық қоры 2275 ұңғыма. Қызметкерлердің адам саны 5548. АҚ «Ембімұнайгаз» Халықаралық стандарттар ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

АҚ «Ембімұнайгаз» АҚ қызметінің негізгі бағыттары:

- Геологиялықбарлау;
- Мұнай-газ кен орындарын игеру;
- Мұнай және газ өндіру;
- Мұнай және газ дайындау;
- Мұнай және газ тасымалдау.

«Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысының 4 ауданында орналасқан 33 мұнай кен орындарында игеру жұмыстарын жүргізуде. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұйымдық құрылымы «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларынан, «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қызмет көрсету және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларынан құрылған.

Мұнай-газ өндіру басқармалары, сонымен қатар екі құрылымдық басқарма компаниядағы мұнай өндіру өсімі тұрақтылықты қамтамасыз етеді. 2015 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 2 800 мың тонна көлемінде мұнай өндіру жоспарланған. Үстіміздегі жылдың наурыз айында «Ембімұнайгаз» АҚ-мен «Ембімұнайгаз» АҚ дамуының жаңа белестері» атты дамудың келешек жоспары дайындалып, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма мәжілісінің төрағасына тапсырылды, жоспар қабылданды және құпталды. Келешек жоспарына сәйкес, тереңдіктегі ұңғымаларды бұрғылау, геологиялық барлау (барлау тереңдігі – 7000 метр), мұнай өндіру саласындағы инновациялық технологияларды енгізу, мұнай алу коэффициентін арттыру және ұңғымалар жұмысының жөндеу аралық кезеңін ұзарту бойынша шаралардың орындалуы жоспарланып отыр.

ҚМГ кен орындарында барлау мен өндірудің өзекті мәселелерін шешу үшін құзыретті дамыту және ғылыми-зерттеу әлеуетін одан әрі дамыту үшін 2014 жылы «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты құрылды (ҚМГ ӨБТ ҒЗИ).

ҚМГ ӨБТ ҒЗИ және ЕТҰ мамандарының біріктірілген күш-жігері келешекті телімдерді зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізуге, геологиялық барлау жобаларына мониторинг жасауға, кен орындарын әзірлеуге, қыртыстардың мұнай беруін арттыру үшін мұнай өндірісі процестерін жақсартуға және қорлардың өсімін және өткізілетін жұмыстардың экономикалық тиімділігін есепке алумен ҚМГ кен орындарында мұнай алу коэффициентін қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚМГ ӨБТ ҒЗИ мұнай және газ өндіру проблемалары бойынша құзыреттер орталығына айналатындығы жоспарлануда, сондай-ақ кен орындарын әзірлеуді егжей-тегжейлі басқарудың барлық кезеңдерін қамтитын супервайзинг жүйесін қалыптастырады, бұл кен орындарының кезеңдері туралы ақпаратты жүйелендіруге және ҚМГ басқа әзірленетін мұнай-газ кен орындары тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Келешек жоспарымен салалық ҒЗИ мен жетекші сервистік компаниялардың («Weatherford», «Schlumberger» компаниялары, «Каспиймұнайгаз» ҒЗИ ЖШС, «Алстрон» ЖШС, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ

инженерлік орталығының филиалы) мамандарын тарту көзделген. Атап айтқанда, Забурунъе кен орнында полимерлі сулануды, көлденең ұңғымаларды бұрғылау және жер қабатынан мұнай өнімділігін арттыру әдістерін енгізу (бу айдау, химиялық әдістер), Шығыс Молдабек кен орнында CHOPS технологиясын (кұм араласқан ауыр мұнайды суықтай өндіру) енгізу және Шығыс Мақат кен орнында интеллектуалды ұңғымаларды енгізу қарастырылған. Сонымен қатар МРП –тереңдіктегі сораптарға сервистік қызметтер көрсетуді арттыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Іс жүзінде 2015ж. 1 қаңтарға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (қатысу үлесін есепке алумен) өндірген дәлелденген қалдық мұнай қорлары және конденсат 818,3 млн. тоннаны құрайды, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ» бекітілген Даму стратегиясынан мұнай қорларын арттыру ҚМГ активтері кен орындарын барлау және өндірілетін кен орындары қорларын қайта есептеу есебінен болды.

Мұнай өндіру. Бастапқы мақсатқа сәйкес, бөлімше ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізілуде. Ұңғымалардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету ойдағыдай мұнай өндіру мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ бірінші кезектегі мәселе ұңғымаларды уақтылы және сапалы жөндеу.

2014 жылға 3436 ағымдағы ұңғымаларды, 203 айдау ұңғымаларын жөндеу жоспарлаған. Оларды орындау үшін 39 ҰЖЖ бригадалары жұмыс атқарады.

«Ембімұнайгаз» АҚ ҰЖЖ бригадаларымен ұңғымаларды жерасты жөндеу тұтастай алғанда, технологиялық операциялардың қауіпсіз орындалуын анықтайтын - техникалық регламентке сәйкес жүргізіледі.

Механикалық өндіру әдісінің сенімділігінің негізгі көрсеткіші, атап айтқанда ШТС(штангілік терең сорғылар) және ЭБС(электропгруженной бұранда сорғы), сондай-ақ жүргізілетін жөндеудің сапасы мен табысы ұңғыманың жұмыс жөндеуаралық кезеңі(ЖАК) болып табылады. ЖАК-ді ұлағайту үшін 2014 – 2018 жылға іс-шаралар жоспарланған, қуыс штангі, «D-super» маркалы сорғыма штангі, қырғышы централизатор бар және гайкалы штанг, сондай-ақ түрлі модификациядағы терең сорғыларды қоса енгізеді.

Штангілік терең сорғылар мұнай өндіруде басым бөлігін жүзеге асырады. Тапсырысқа сәйкес жеткізілетін сорғылар техникалық сипаттамаларға сай болуы керек. Клапанды түйіннің істен шығуы суда механикалық қоспалардың және тұздардың жоғары пайызда болуының әсерінен болады.

Бөлімшенің негізгі міндеттерінің бірі мұнайды жинау және дайындау, ондан әрі «ҚазТрансОйд»-ға жеткізу болып табылады. Мұнайменбірге өтетін газдан бөлінгенен кейін «Ембімұнайгаз» АҚ-да мұнайды дайындау термохимиялық сусыздандыру әдістерін өтеді және ыстық тұшы су қосу арқылы мұнайды тұзсыздандырады, есептемеге сәйкес мұнай және химиялық

заттардың жалпы көлемінің негізделген 8-10% мұнай тоннасына 160 грамм нақты орташа шығыны болып табылады. Өндірілген мұнайдың физико-химиялық қасиеттері бойынша мұнады дайындау үшін эмульсия ажыратқыштарын түрлі сорттарының пайдалану үшін береді.

«Каспиймұнайгаз» ЖШС институтында өндірістік-тәжірбилелі және зертхананда өткізілген сынақтардың нәтежиелеріне байланысты эмульсия ажыратқыштары таңдалды

Мұнай кен орындарын игеру. Ембіден мұнай 1911 жылдан бері өндіріліп келеді. 100 жылдан астам уақыт бойы өндірілген мұнай көлемі бүгінгі таңда 169 млн. тоннаны құрап отыр.

01.01.2015 жылғы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның балансында 41 кен орны 70 млн.тоннадан астам қалдық қормен тіркелген.

2015 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ дамудың ұзақ мерзімді жаңа стратегиясын қабылдады, соған сәйкес мұнай өнімін болашағы бар тұзасты блоктарында тереңдіктегі ұңғымаларды барлау және бұрғылау есебінен, сондай-ақ жаңа технологияларды қолдану, суланудың түрлі модификацияларын қолдану арқылы арттыру мақсатында, көне ұңғымалар қорымен жұмыс жүргізу барысында көбейту көзделіп отыр.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 18 кен орындарында «Инженерлік орталық» филиалымен 2010 жылдан бері геологиялық-гидродинамикалық модельдер салынууда, олардың мұнай кен орындарын игеруді оңтайландырудағы маңызы зор.

Коллекторлық қасиеті төмен жер қабатынан мұнай өндіру қарқынын үдету мақсатында 2005 жылдан бері жер қабатын сумен жару технологиясы (ГРП) кеңінен қолданылып келеді, сонымен қатар екінші оқпан тесу әдісіне сай, 2000 жылдан бері техникалық себептермен бұрынырақта жойылған ұңғымалардың пайдаланылу кезеңі ұзартылуда.

2014 жылдан бастап Забурунье кен орнында полимерлі суландыру әдісі қолданыла бастады, ол бүгінгі күні мұнай қорын толықтай алу мақсатында өнім беруші қабатқа физика-химиялық әсер етудің жоғары тиімділікті әдісіне айналып отыр.

Кенбай кен орнынан жоғары тұтқырлықты мұнай алу үшін, салқын ауыр мұнай өндірудің технологиясын (CHOPS) қолдану жоспарлануда.

Нақты online уақыты режимінде, ұңғымаішілік жұмыстарынсыз, мұнай өндіруді оңтайландыру мақсатында, өнім беруші қабаттан өндіру туралы деректерді жинау, беру және талдауға арналған бірқатар компоненттерді конструктивті біріктіруші – «Интеллектауалды ұңғыма» қондырғысын қолданысқа енгізу жұмыстары орындалуда.

Мұнай мен газды барлау және өндіру секторында:

- Мұнай мен газды өндіруді жылына 35,4 млн тоннаға дейін және жылына 1,5 млрд м³ дейін өсіру;
- Мұнай мен газ конденсатының қорын 1,4 млрд тоннаға дейін өсіру;

- Бұрғыланған барлау ұңғымаларынан геологиялық барлау жұмыстарының табыстылығын 25% жоғары ұлғайту;

- Тиісті инфрақұрылымды салу.

Мұнай мен газды тасымалдау секторында:

- Экспортты мұнай өткізу жүйелерінің өткізу қабілетін жылына 101 млн тоннаға дейін арттыру;

- Ұлттық сауда флотын кезең кезеңімен дамыту (Қазақстанда, сондай-ақ шетелде) – жылына 13 млн тонн мұнай;

- Газды тасымалдауды жылына 121 млрд м³ дейін арттыру;

- Магистральды және өңірлік газкөлік жүйелерін жаңарту және дамыту.

Мұнай тасымалдау. 2014 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдарының күшімен магистралды құбырлармен 64 млн. тонна және теңіз көлігімен 9,6 млн.тонна мұнай тасымалданды.

Магистралы мұнай құбырымен мұнай тасымалы «ҚазТранс Ойл» АҚ жүйесі бойынша еншілес ұйымдармен іске асырылады (жалпы ұзындығы 5495 км). Теңіз көлігімен мұнай тасымалдау «Қазмортрансфлот» ҰТКК ЖШС еншілес ұйымымен іске асырылады (Каспий теңізінде 12 000-13 000 тонна тасымалдайтын 6 танкер, сондай-ақ Қара теңізде «Афрамах» типті кемелермен қорғалған). Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Каспий құбыр желісі консорциумында 20,75%.

Бүгінгі таңда қазақстандық мұнайдың негізгі тасымал бағыты мыналар:

- Атырау-Самара құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);

- КҚК құбыры («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-20,75%);

- Атасу-Алашанькоу құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ-50%);

- Ақтау теңіз терминалы.

Қазақстандық мұнайдың көп бөлігі 2014 жылы КҚК құбырымен 35,2 млн. тонна экспортталды және Атырау-Самара құбырымен 14,6 млн. тонн тасымалданды. Қытай бағытында– 11,7 млн.тонна тасымалданды. Теңіз көлігімен 5,5 млн. тонна тасымалданды.

Геологиялық барлау. Қазақстанның 15 шөгінді бассейндері бойынша өткізілген кешенді зерттеулер бойынша алынған нәтижелер негізінде Компанияға көмірсутек шикізаты қорлары санын анықтауға және одан әрі зерттеулер жүргізу үшін келешекті блоктар мен аймақтарды анықтауға мүмкіндік туды.

Күрделі құрылған объектілерді геологиялық зерттеу және дала сейсmobарлау жұмыстарын өткізу үшін зерттеулер жүргізу жағдайында Компанияда жоғары рұқсат ету сейсmobарлау (ЖРС) әдістері, жоғары тығыздықты, кең азимуталды және 3Д жоғары көп кешенді бақылау жүйесі, разрездің литологиялық құрылымын егжей-тегжейлі зерттеу үшін 3Д тік-

сейсмикалық тетікті бір қалыпқа келтірудің арнайы әдістерін қолдану, жоғары аэромагнитті түсірілім сияқты жаңа кешенді әдістемелер қолданылады.

Деректерді өңдеу кезінде уақытша және терең өңдеу, мультфокусинг әдістемелері бойынша, жалпы көрсету беті әдісі (CRS) бойынша жаңа технологиялар, дуплекс толқындарды өңдеу технологиялары қолданылады. Гравитарлау, магнитті барлау, электрбарлау және геохимиялық түсірілім сияқты геофизикалық доға әдістермен кешендеу қолданылады.

Қолданылатын әдістемелер геологиялық құрылымның ұқсас күрделілігіне ие бас кен орындарында ГБЖ орындау тиімділігін арттырады.

Компания теңізде және құрлықта ГБЖ барлаудың жаңа технологияларын қолдану тиімділігін және көлемін арттыру есебінен үлкен тереңдікте жер қыртысын қосымша геологиялық барлау арқасында қорларды арттыруға қол жеткізуді жоспарлауда. ГБЖ-да жаңа инновациялық бағыттар мен технологияларды дамыту және тартуды күшейту зерттеу үшін аса күрделі және тереңдегі объектілерді барлаумен шартталған, бұл зерттеулер тереңдігі, сейсмикалық сұйылуды арттыру, жылдамдықты талдау нақтылығын арттыру, коллекторлық қасиеттер мен параметрлерді болжау, заттық құрам, кеуектілік аймақтары сияқты мәселелерді шешуді қажет етеді.

Компанияда көмір сутек әлеуетін кеңейту және мақсаттарға қол жеткізу бойынша орташа мерзімді Іс-шаралар жоспары әзірленді және іске асырылуда:

- Каспий және жағалауындағы өңірлер жобаларын іске асыру барысында құзыреттерді және терең бұрғылау технологияларын дамыту;

- құрлықта және теңізде келешекті телімдерде көмір сутек шикізаты қорларын анықтау және бағалау бойынша ғылыми-тақырыптық зерттеулер жүргізу;

- Жетекшілік ететін жобалары бойынша корпоративтік деректер қорларын құруға қатысу;

- көмір сутек кен орындарын барлау, бағалау, игеру және әзірлеу технологиялары бөлігінде мұнай-газ жобаларына мониторинг жүзеге асырылуда;

- геологиялық-геофизикалық, өнеркәсіптік ақпаратты жинау, өңдеу және түсіндіру бойынша өз орталығын қалыптастыру және дамыту;

- Мұнай алу коэффициентінің өсімі (МАК);

- Еңбек өнімділігін арттыру;

- Компанияның көмір сутек қорлары өсімі;

- Компания бойынша көмір сутек шикізаты өндірісінің өсімі және жетілген кен орындарында базалық өндірістің құлау қарқынын төмендету;

- Мұнай өндірісінің салыстырмалы өз құнын төмендету;

- Барлау және өндіру секторының экологиялық деңгейін арттыру.

Жүзеге асырылып отырған геологиялық барлау жұмыстарының негізгі түрлеріне - МОГТ-3D сейсmobарлау, іздестіру-барлаушы бұрғылау және қолданыстағы кен орындарын жеткізе барлау жатады.

Кен орындарындағы өнім беруші горизонттардың геологиялық құрылымдарын егжей-тегжей зерттеу мақсатында заманға сай сейсmobарлау жұмыстары жүргізілуде, олар игеру процесін оңтайландыруға және болашағы бар жаңа участоктарды анықтауға мүмкіндік береді.

Жоспарлы түрде зерттеу жүргізіліп отырған сейсmobарлау мен барлаушы бұрғылау жұмыстары есебінен соңғы жылдары С.Нұржанов, Шығыс Мақат, Батыс Прорва және басқа да кен орындарының мұнай беруші алаңдары кеңейе түсуде. Соның нәтижесінде мұнай және газ өнімінің көлемі де көбейіп отыр.

Жүргізілген 3D сейсmobарлау жұмыстарының көлемі 2014 жылы 46,8 км² құрады. Сейсmobарлау жұмыстарының қорытындылары жобалаушы ұңғымалар салу, кен орындарындағы мұнай қорын қайта есептеу кезінде қолданылатын болады.

2014 жылдың қорытындысы бойынша барлау және жеткізе барлау мақсатында жүргізілген барлаушы бұрғылау жұмыстарының көлемі 15,456 тыс. м. құрады. Ол жұмыстардың орындалуы барысында 10 ұңғыма бұрғыланып, 9 ұңғыма құрылысы салынды. Олардың ішінде 6 ұңғыма өнім берушілер қатарынан орын алуда.

Қорлар. 01.01.2015 жылғы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның балансында 41 кен орны 70 млн.тоннадан астам қалдық қормен тіркелген. Олардың ішінде:

- игеріліп жатқаны – 33 кен орны;
- консервацияда тұрғаны – 8 кен орны.

2014 жылы Компания ресурстық базасын кеңейту бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. 2014 жылы өндірілетін мұнай көлеміне қатысты (2,8 млн.т) алынатын дәлелденген мұнай қорының өсуіне сай есептелген (3,9 млн.т) «ЕМГ» АҚ-ның мұнай қорын толықтыру коэффициенті 1,39 құрады.

2 Басшылықтың интеграцияланған жүйесі бойынша басқармасы

2.1 Жылыоймұнайгаз МГӨБ-дағы интеграцияланған басқару жүйесі

Жылыоймұнайгаз МГӨБ жұмысындағы серіктестерімен сенімді жұмыс атқару негізі, мекемендегі тиімді менеджмент, жаңа технология ендіру және өз міндетіне адал көзқарасымен осы және тағы басқа артықшылықтар

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның басқару жүйесіне сай жұмыс атқарады, осы басқару жүйесі арқылы Қазақстан экономикасының басты топбасшыларының бірі.

Басқарудың басты жұмысы істеу қағидасы – мүдделі тараптар жақтан сенімділік, шығарылатын өнімнің сапасының жоғары болуы, ҚР-ның талаптарының бұлжытпай орындалуы, қызметкерлердің қоршаған орта қауіпсіздігімен және еңбек қорғау талаптарын титімді қарастыру [2].

Мүдделі жақтарға қойылатын талаптар өнім сапасын арттыру және дайын өнімнің бағасын төмендету, қоршаған ортаға зиянды заттар әсерін азайту, еңбек қорғау және жұмысшылардың денсаулығын арқашан арттыру.

Осыған байланысты кәсіпорында құрастырылған және енгізілген интерграциондық басқару жүйесі ISO 9001:2008, ISO 14001:2004. ISO 50001:2011 и OHSAS 18001:2007.

Енгізілген интеграцияланған басқару жүйесі негізгі ISO 9001:2008, ISO 14001:2004. ISO 50001:2011 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына сай дайындалған, Қоғам және Басқару жүйесінің негізгі стратегиясы болып табылады. Басқару жүйесіне ИБЖ 2008 жылы 9 қаңтардан бастап енгізілді.

ИБЖ аясында дайындалған процедура, нұсқаулықтар, ережелер, талаптар барлық басқарма қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Негізгі жағдай. ИБЖБ бұл бөлімде негізгі жағдайлар көрсетілген, Жылыоймұнайгаз МГӨБ-дағы ИБЖ-ның негізі ұйымдасып және жұмыс атқару принципі болып табылады.

Қазіргі әрекеттегі Басқару ИБЖ-дан құрастырылған, құжаттамамен рәсімделген және ISO 9001:2008, ISO 14001:2004. ISO 50001:2011және OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына сәйкес енгізілген.

ИБЖ барлық басқару аппараттарының құрылымын қамтиды, сапаға тура және жанама әсер ететін, қоршаған орта қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі, мұнай және газ өндіру ұйымындағы еңбек қауіпсіздігі.

Басқару басшылығы ИБЖ-ның функционалды нәтижесін және тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

ИБЖ-ны жұмыс жағдайына енгізіп және тұрақты жағдайда сақтауға сапаны басқару, еңбек қауіпсіздігі, қоршаған орта және энергоменеджмент өкілеттері керекті құжаттамен қамтамасыз етеді.

Басқару аппарат бөлім құрлымының жетекшісі Қоғам саясатымен және Басқару мақсатымен, ИБЖ-ның жетекшілігінің талаптарына сәйкес, басқада

ИБЖ құжаттамасымен, және де ИБЖ-ының белсенді дамуына ықпал етуіне сәйкес қызмет бөлім құрылымын ұйымдастыру.

ИБЖ-ның үрдісі. Басшылық жетекшілігімен ИБЖ-ның және оларды ұйымдардың барлық деңгейде қолданылуы қажетті үрдіспен анықталған.

Басқару және ПР-103-05 «Мониторинг процессов»-дағы белгілі үрдісті нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін үрдіс өлшемдері мен әдістер қажетті.

Басқару басшысы қамтамасыз етеді:

- ISO 9001:2008, ISO 14001:2004. ISO 50001:2011 и OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына сәкес МГӨБ-да ИБЖ-ны үрдістерге сәйкес басқарады;

- Жұмыс істеу және осы процесстердің мониторингін қолдау үшін ақпараттар және ресурстарың колда болуы қажетті.

Басқарудағы барлық қызметкерлер жоспарланған жетістіке жету үшін және ИБЖ-да тұрақты даму үшін іс-шаралар орындайды. Басшылықтың талаптарына сәйкес мониторинг, өлшеу және талдау орындалады.

ИБЖ-ның құжаттамасы. Басқару құжатамасында ИБЖ-ның жұмыс істеу реті бекітілген, негізгісі болып табылатындар:

- Саясат;
- Мақсат;
- Интеграцияланған жүйесі бойынша басшылық;
- Процедуралар;
- Жұмыс нұсқаулықтары.

4-суретте Басқарудағы барлық қоданыстағы құжаттардың ішінде белгіленген құжаттары сатылы құрылымның жоғарғы бөлімінде орналасқаны көрсетілген.

Процедуралар жұмыс жүру(процесс) сипаттамасы мен басқару әдістерін қамтиды. Процедураларда жауапкершілік айқындалған, жұмысты орындау реті, процесстерді басқару әдістерімен, бақылау жөніндегі шарлар және нәтижелерін құжаттандыру. Олар жүйелі түрде жүзеге асырылатын іс-шараларды орындау бойынша қабылданған Саясаткер өндірістік қызметтің барлық сатыларында суреттейді(баяндайды). П-103-01 «Құжаттарды рәсімдеу және өңдеу ережелері» бойынша процедураның ресімделу реті бекітілген.

Пайдалану нұсқаулары тура, уақыт тәртібі туралы жеке орындаушылар үшін нақты нұсқаулар мен түсініктемелер,жекелеген операцияларды және олардың ілеспе жазбаларды, деректер журналын жүргізуді қамтиды.

ПР(процедура) ЖН(жұмыс нұсқаулығы) және басқада өндірістік құжаттар тек қана Басқарманың ішкі қызметкерлеріне ғана қолдануға арналған. Олар әзірленеді, бекітіледі, есептеледі, ПР және ЖН тиісті анықталған ережелеріне сәйкес таратылады және сақталынады.

Интеграцияланған басқару жүйесіне енгізілген құжаттамаларға бекітілген жоспарлар, бағдарламалар, тізімдер, сапа мәселелері және Басқарма қыметіне байланысты іс-шаралар, еңбек қорғау, қоршаған орта және қуатменеджменті, сондай-ақ өткізілген бақылау, атқарылған қызмент нәтижелерін сақтау және жинақтау үшін бірқатар есеп, тіркеу және хаттама құжаттарымен қамтылады.

2.2 Интеграцияланған басқарма жүйесінің басшылығы

ИБЖ-ның басшылығы тұрақты қызмет әрекеттегі, ИБЖ-ны толықтай көрсетіген бейнесіндегі кешенді басқару және анықтама құжаттары болып табылады. ISO 9001:2008, ISO 14001:2004. ISO 50001:2011 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарын орындайтын Басшылықтың жалпы ақпараттары көрсетілген, басшылықтың құрылымдық және функционалдық ұйым анықталды. ИБЖБ процедуралаға сілтемерден қамтылады, олар негізгі басты құжаттамаларды құрайды, басшылықта жүзеге асырылатын, өнім сапасына, қоршаған орта және еңбек қауіпсіздігіне әсері бар қызметтің әр түрін жүзеге асыру үшін нақты тәртібін белгілейді.

ИБЖБ бас атауы бар(титульный лист) парақтан, “Мазмұн” және тоғыз басты бөлімнен тұрады. Нөмерлер және бөлім атаулары ISO 9001:2008стандартына сәкес 4-8 бөлімнен құралады.

Жоғарғы бөлігінде әрбір ИБЖБ парағы мынадай сәйкестендіру деректерін қамтиды:

- Құжаттың жалпы атауы;
- Басшылықтың атауы;
- Беттің реттік нөмері;
- Ағымды басылымның нөмері.

ИБЖБ-ның жолдауында екі түрлі үлгілері (экземпляр) болуы мүмкін: қарастырылған (бақыланатын қызмет үлгілері, өзгерістер енгізуді талап ететін) және анықтамалық (өзгерістер енгізуін қажет етпейтін, бақыланбайтын үлгі). Сондай-ақ ИБЖБ электрондық түрде де болады және ИБЖБ негізінде (БАЗА) орналасады, Басшылықтағы барлық қызметкерлерге қол жетімді.

Құжаттарды басқару. Сапа басшылығы, еңбек қорғау, қоршаған орта және энергоменеджмент өкілі ИБЖ-ның құжаттамаларын дұрыс басқаруды ұйымдастырады.

Жазылған көшірмелерді бөлу жалпы құжаттар тізімінде орындалатын ИБЖ процессінің жауапты орындалуына байланысты құрылады және түп нұсқа үлілерді сақтау да Басшылық қызметкерлері арасында жауаптылық бөлінеді,

сондай-ақ кросс-функционалдық топ мүшелеріне басқармасының бастығы тұрақты тапсырысты жүзеге асыруға арналған, олардың жауапкершілігі байланысты белгіленеді.

Басшылықтағы әр түрдегі жеке тізімдер құжаттамалары жалпы тізімдегі құжаттарға енгізілген, олардың анық жіктеулуін қамтамасыз ету үшін мүмкіндік береді. Басшылықтың сапа инженерінің желілік ресурсындағы ИБЖ Негізінде жалпы құжаттар тізімі орналасады.

Барлық бақыланатын қол жетімді құжаттамалар, жалпы алғанда екі негізгі түрге бөлінеді:

- Нормативтік құжаттар;
- Жазбалар (хаттама құжаттар).

Жазбаларды басқару. Талдау өткізуге, процестер мен өнімнің сапасы критерийлерінің үрдістерін айқындауға, түрлі сәйкессіздіктердің себептерін бағалауға, түзету және алдын алу іс-шараларын тағайындауға, олардың тиімділігін анықтау үшін жазбалар негіз болып табылады.

Жазбалар үшін сәйкестендіру жүйесі және белгілері, олардың құрылымдық бөлімшесіне, процесстерге, өнімдерге деген қозғарасын жеңіл анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ берілген сақтау мерзім аралығында олардың жеңіл ізделуіне мүмкіндікті қамтамасыз етуін жүзеге асырыған. Жазбаға енгізу үшін қолданылатын формулярлар, бланктер, журналдар бақыланатын құжаттармен бекітілген болып табылады.

Әрбір жазба жасау үшін жауапты тұлға қол қоюға және күнін белгілеуге тиіс. Тек осы жағдайда ол жарамды болып саналады. Түпнұсқа жазбалар электронды түде сақталады, сондай-ақ қағаз түрінде жергілікті БАҚ жерінде, құжаттарды сақтауға тағайындалған, залал мен шығындар және рұқсатсыз қолданыстан қорғатылған. Басшылық басқармасымен бекітілген бұйрықта, Басшылықтың құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлеріне жазбаларды құрудағы және қадағалаудағы жауапкершілікті жүктейді. Әдістемелік құжаттардың талаптарына сәйкес жазбалардың сақталу мерзімі бекітіледі.

2.3 Басшылықтың міндеттемесі мен жауапкершілігі

Компания басшылығы «Ембімұнайгаз» АҚ-да және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-да ИБЖ-ны әзірлеуді және іске асыру үшін стратегиялық шешім қабылдады. Басшылық және қоғам кеңесімен кәсіпорын басқармасы ИБЖБ-дағы жетілдірулермен және өзгерістер туралы шешімді қабылдайды және де саясатта, сондай-ақ сәйкес бағдарламалармен, жоспарлар, бұйрықтар, нұсқаулықтарда жазылған.

Барлық тағайындалған іс-шаралар, бекітілген талаптар және жұмыс әдістерін орындау міндетті болып табылады және басқарма жұмысшыларына мәлімдемесі жеткізіледі. Кез-келген қызметкер ескеруі қажет, жұмысты орындаудағы негізгі қағидаларының бірі басқарма талаптарының, тұтынушылар мен мүдделі тараптардың талаптарына, сондай-ақ заңды талаптарды сөзсіз сақтау болып табылады. Осы мақсатта, тұрақты даярлау, және басқару қызметкерлері үшін нормативтік құжаттамаға қоғамдық қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Өнім сапасын арттыруға бағытталған, қоршаған ортаны қорғау тиімділігін арттыру, еңбек қорғау жағдайын жетілдіру, басшылықтың қызмет жағдайын арттыру басшылықтың міндеттемесі болып табылады және бекітілген саясатта қабылданып көрсетілген.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның саясаты және мақсаты негізінде, және басшылық тарапынан талдау нәтижелері негізінде, қоғамда сапа саласындағы нақты мақсаттар, еңбек қорғау, қоршаған орта және қуатменеджмент жүйелі түрде анықталады және тұжырымдалады, соған қарасты жүзеге асырылып талданады және мезгіл-мезгіл қайта қаралады.

Белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін, фуниционалды нәтежилерді қамтамасыз ету және ИБЖ-ның тұрақты дамуына, басшылық басқармасы керекті ресурстарды бағыттайды.

Жобалау жөніндегі қызмет тобының кеңесінде басшылық басқармасымен ИБЖ-ның жұмыс істеу нәтижелері және жоспарланған іс-шаралардың тиімділігі бағаланады.

Тұтынушының талаптары

Басқарма басшылығымен тұтынушыға бағыт-бағдар қағидасы енгізілген, тұтынушының белгілеген талаптарының жеткізілуі, барлық басқару қызметкерлеріне нормативтік құқықтық талаптарын қамтамасыз етуі. Шығарылатын өнімнің сапасын арттыру жөнінде зерттеу жүзгізілуде, орнатылған талаптарды қамтамасыз ете алатын жаңа жабдықтар және де жаңа технология енгізу шаралары қабылдануда.

Тұтынушының қанағаттанғанына және оның қолданыстағы талдауына баға беру жөнінде арнайы қызмет ұйымдастырылған.

Мүдделі тараптардың талаптары

Басшылық қызметтеріне мүдделі тараптардың талаптарын зерделеуді және бұл талаптардың барлық құрылғы басқару қызметкерлеріне жеткізілуді басқарма қамтамасыз етеді.

Мүдделі тараптарға қатысты:

- тұтынушылар мен соңғы пайдаланушылар;
- акционерлер;
- мемлекеттік басқарма органдары;
- жеткізушілер мен серіктестер;
- басқарма қызметкерлері;
- МГӨБ қызметіне әсері бар немесе әсер ете алатын қоғам және

қауымдастық.

Басқарма мүдделі тараптардың үмітін, түсіністігін және қажеттілігін қанағаттандыру:

- Өзінің мүдделі тараптарын белгілейді, олардың үміттері мен қажеттіліктеріне саралы түрде жауап қайратуды ұстанады;
- Анықталған қажеттіліктер және үміттерді талаптарға айналдыру;
- Барлық басқарма қызметкерлеріне талаптарды жеткізу;
- Ол мүдделі тараптардың мәнін қамтамасыз ету үшін процесстерді жақсартуға баса көңіл бөледі.

Мүдделі тараптардың басқару қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру:

- Өз нарығында нақты жағдайды анықтау және бағалау;
- Нарық мүмкіндігін, әлсіз жағын және болашақтағы бәсекелестік артықшылықтарын анықтау;
- Өнімнің қауіпсіздігін талдау;
- Өндірістік процесстің қауіпсіздігін анықтайды;
- Қоршаған ортаға өзінің әсерін анықтайды;
